

ЕГІНШІ – МӘРТ, ЖЕР – ЖОМАРТ

МЕМЛЕКЕТ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІН ӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУДЫҢ КЕҢ АУҚЫМДЫ БАҒДАРЛАМАСЫН ҰСЫНДЫ

ҮКІМЕТ ҮЙІНЕН

Президент тапсырмасы бойынша 2025 жылғы көктемгі егін және күзгі жиын-терім жұмыстарына «Кең дала-2» бағдарламасы арқылы жалпы 700 млрд теңгеге дейін бөлу жоспарланған: оның ішінде 140 млрд теңгесі – бюджет қаражаты, 560 млрд теңгесі нарықтық капитал көздерінен тартылады. Үкімет қабылдаған шаралар фермерлерге ең қолайлы шарттармен қаржылық қолдау алуға мүмкіндік береді.



«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ «Кең дала 2» бағдарламасы аясында жылдық сыйақы мөлшерлемесі 5% болатын жеңілдетілген несие беру жұмысын бастап кетті. Қазіргі таңда жалпы сомасы 153,9 млрд теңгені құрайтын 1337 ауыл шаруашылығы тауар өндірушісі Корпорацияға жүгінген. Оның ішіндегі жалпы сомасы 136,2 млрд теңге болатын 1002 фермердің өтінімі қаралуда. Ал 674 фермер көктемгі егін егу науқанына 100,2 млрд теңге несие қаржыларын алып үлгерді. Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары сияқты астықты аймақтардың егін егетін фермерлері арасында белсенділік жоғары екені байқалуда.

Сондай-ақ, қарыздарды рәсімдеу мен өтеу үшін жүгінуге болатын қаржы институттарының саны көбейтілді. Қаржыландыру екінші деңгейлі банктер, несие серіктестіктері, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар мен Аграрлық несие корпорациясы арқылы қолжетімді болады. Кепілдік жетіспеушілігін шешу мақсатында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры несие сомасының 85%-ына дейін кепілдік беруді қарастырған.

Үкімет отырысында Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

«Біз қаржыландыруды өткен жылдың 29 қарашасында бастадық. Аталған жұмысқа

жалпы 100 млрд теңге бөлініп, қазірдің өзінде оның 70 млрд теңгесі шаруаларға берілген. Әрі қарай жұмыс жүргізіліп жатыр. Облыстарда ӘКК әлі қосылмаған, оларды ӘКК арқылы да тарату керек, сонда жұмыс тезірек жүреді. Жалпы қаржы бар», деді Айдарбек Сапаров.

Бұл шара фермерлердің қажет тұқымды, тыңайтқышты, өсімдік зиянкестеріне қарсы дәрі-дәрмектерді ерте сатып алып, техникаларын жарақтап, егін егу науқанын сапалы жүргізулері үшін қабылданды.

«Максимовское» ЖШС «Кең дала 2» бағдарламасына қатысу үшін өтінім берген алғашқы шаруашылықтардың бірі болды.

«2024-жылғы көктемгі егіс жұмыстары басталар алдында бізге «Кең дала 2» бағдарламасы бойынша несие алу ұсынылды. Біз 500 млн теңге көлемінде қаражат алдық, өсімдіктерді қорғау құралдары мен тыңайтқыштарға қатысты барлық міндеттемелерді өтедік. Егін жинау жұмыстарын сәтті аяқтап, қарызымызды жаптық. 2025-жылдың көктемгі егіс жұмыстарын ерте қаржыландыру жұмыстарының арқасында біз қазірдің өзінде 800 млн теңге алдық. Бұл теңдессіз бағдарлама. Ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін бұдан жақсысын табу мүмкін емес деп ойлаймын», деді «Максимовское» ЖШС директоры Александр Закусилов.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Үкімет отырысында бүгінде Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінде 1,1 млн адамды жұмыспен қамтамасыз ететін 300 мыңнан астам өндіруші, оның ішінде жұмысшы мамандарының 595 мыңы немесе 55%-ы жұмыс істейтінін хабарлады.

Ол отбасылық коэффициентін ескере отырып, салада жұмыс істейтін әрбір маман орта есеппен үш адамды табыспен қамтамасыз ететініне тоқталды. Осылайша, ауыл шаруашылығы 4 млн адамның қаржылық әлауқатына тікелей немесе жанама түрде әсер етеді, бұл оны әлеуметтік тұрақтылықтың негізгі көздерінің біріне айналдырады.

«Халықты жұмысшы мамандықтарына тарту үшін фермерлерге басқа салалармен қатар тұрғын үй құнын, жас мамандардың жалақысын және «ұрпақтар келісімшарты» бойынша субсидиялау сияқты мемлекет жүзеге асыратын ынталандыру шаралары қолжетімді. Министрлік тарапынан Аграрлық несие корпорациясы, ҚазАгроҚаржы, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар желісі бойынша түрлі мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі», деп атап өтті Айдарбек Сапаров.

Мақала Ауыл шаруашылығы министрлігінің материалдары бойынша әзірленді

ҚҰЛАҚАҒЫС

«КҮМІС ЖАС» ЖОБАСЫ

Күміс жас – жұмыс беруші зейнеткерлік жасқа толмаған, 50 жастан асқан жұмыссыз адамдарды жұмысқа орналастыру үшін құратын еңбекақысы субсидияланатын жұмыс орны.

Жұмыстың ұзақтығы 36 айдан аспайды, аяқталғаннан кейін қатысушыға зейнетке шыққанға дейін тұрақты жұмыс орны беріледі.

Жалақыны жұмыс беруші белгілейді және төлейді, бұл ретте 30 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) аспайтындай мемлекет алғашқы 12 айда - жалақының 70%-ын; 13 айдан 24 айға дейін - жалақының 65%-ын; 25 айдан 36 айға дейін - жалақының 60% - ын төлейді.

Жолдама алу үшін тұрғылықты жері бойынша «Мансап орталығына» жүгіну қажет.

БАСПАСӨЗ – 2025

ГАЗЕТКЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

Баспасөзге жазылу науқаны жалғасуда! Тоқтамаңыз!

«Jańa Bastau» газеті – өмірге жаңа көзқарас, жаңа идеялар мен тың бастамалар алаңы. Егер сіз өзіңізді заманауи ақпараттан тыс қалдырғыңыз келмесе, әр айдың 10-на дейін жазылып үлгеріңіз! Осылайша, келесі айдан бастап сүйікті газетіңізді тікелей қолыңызға ала аласыз.

Бізбен бірге:
Жаңалықтарға жылдам көз жүгіртіңіз.
Сараптамалық мақалалар мен арнайы зерттеулерден хабардар болыңыз.
Танымдық айдарлар арқылы ой-өрісіңізді кеңейтіңіз.

Жазылу жеңіл әрі жылдам!
Жазылу үшін жақын жердегі пошта бөлімшесіне барыңыз немесе онлайн жазылу мүмкіндігін пайдаланыңыз.

«Jańa Bastau» – жаңашылдыққа бетбұрыс жасағандар үшін!

«Jana bastau» әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси газеті



Жазылым үшін ақысын төлеу
Оплата за подписку



«Jana bastau» социально-экономическая и общественно-политическая газета

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ҮЗДІК ЖАСТАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

БӘРЕКЕЛДІ!

Қосшыда дәстүрлі «Жаңа Толқын – 2024» үздік жастарды марапаттау салтанаты өтті.

Шараның мақсаты – дарынды, таланатты жастарды анықтау, жыл көлемінде жеткен жетістіктерімен белсене көзге түскен үздіктерді марапаттау. Жастардың өзін-өзі басқару жұмысын қалыптастыру, кәсіби шығармашылық дамуы үшін қолдау көрсету, олардың патриоттық сезімдері мен ұстанымдарын нығайту, рухани құндылықтар мен табысты жас қазақстандықтардың қалыптасуына ықпал ету.

«Жаңа Толқын – 2024» байқауында «Үздік жас ғалым»; «Жылдың жас дәрігері»; «Жас көшбасшы»; «Жас сақшы»; «Үздік өзін-өзі басқару ұйымы»; «Жас дарын»; «Жылдың үздік хореографиялық ұжымы»; «Жыл волонтері»; «Спорт тарланы»; «Жұмысшы мамандығының үздігі»; «Креативті мобилограф»; «Үздік жас кәсіпкер»; «Үздік жас құтқарушы»; «Жылдың белсенді білім ордасы» номинациялары бойынша 14 пен 35 жас аралығындағы жастар марапатталды.

Замандастарынан озып шығып, үздік жетістікке жеткен жастарды қала әкімінің орынбасары Берген Жұмкейұлы құттықтап, олардың қоғамның дамуына қосып жатқан үлестері, атқарып жатқан жұмыстары үшін алғыс айтты.



Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Қайрат Құлбайұлы мен даңқты спортшы, жастар еліктейтін танымал азамат, қол күрестен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, ҚР рекордшысы, мас-рестлингтен әлем чемпионы Тимур Спатаев жастарға сәттілік тіледі.



ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті Қосшы қаласы мен Тайтөбе ауылының тұрғындары!

Қосшы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы «Қосшы қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» № 85/19-8 шешімімен Қосшы қаласының аумағында тұрақты тіркелген және тұрып жатқан, әлеуметтік мәні бар туберкулез, қатерлі ісіктермен және адам имунитеті тапшылығы жұқпасына (АИТЖ) байланысты науқастарға шалдыққан адамдарға жергілікті бюджет қаражаты есебінен бір реттік және мерзімдік әлеуметтік көмек қарастырылған.

Қатерлі ісіктер (онкология) мен АИТЖ байланысты науқастарға шалдыққан адамдарға жылына бір рет 25 АЕК мөлшерінде ақшалай көмек көрсетіледі. Туберкулезбен ауыратын адамдарға ай сайын 5 АЕК мөлшерінде алты ай бойы әлеуметтік көмек төленеді.

Осы әлеуметтік көмекті алу үшін азаматтар медицина ұйымы берген растайтын анықтамасымен және банк реквизиттерімен Қосшы қаласы, Республика көшесі, 46-үй мекенжайында орналасқан «Қосшы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ жүгіне алады.

ҚАБЫЛДАУ

Сәрсенбі күні Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев әдеттегідей қала тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады. Кездесуге мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері және атқарушы билік өкілдері қатысты.

ӘКІМ АЗАМАТТАРДЫҢ АРЫЗЫН ТЫҢДАДЫ



Әкімнің алдына азаматтар тарапынан бірнеше маңызды мәселелер көтерілді. Олардың ішінде жер учаскесінің берілу тәртібі, құжаттама ісі, тұрғын үй кезегі, үлескерлердің құқықтарын қорғау және жұмысқа орналасу, тағы басқа түйткілдер талқыға салынды.

Қала жедел қарқынмен дамып келеді. Жаңадан қоныстанушылар көп. Жыл сайын көпқабатты үйлер, әлеуметтік сала нысандары көптеп салынып жатыр. Сондықтан да пайдалануға берілген инженерлік құрылымдардың, коммуналдық қызметтердің көлемі тұрғындардың қажеттіліктерін өтеуге жете бермейді. Мәселен, қаланы ауызсумен қамтамасыз етіп тұрған су көздерінің тәуліктік қуаты 10 мың текше метрден аспайды. Ол қажетті мөлшерді тек жарым-жартылай ғана қамти алады. Сол себепті халықты сапалы ауыз сумен жабдықтау үшін қазіргі кезде 2 жоба әзірленіп жатыр.

Одан бөлек, қалаға үзіліссіз электр энергиясын таратып тұру үшін қуаттылығы 40 МВт жаңа кіші станция салу қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі кезде аталған жобаны жүзеге асыруға үшін 4 га учатске

тандап алынып, жоба деректерін жинақтау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оның жобалық-сметалық құжаты ағымдағы жылдың екінші тоқсанында әзір болуы тиіс. Сондай-ақ қалаға газ құбырлары мен газ тарату желісін тарту бойынша жұмыстар атқарылуда. Оның жобалық құны – 11 407,3 млн теңге.

Әкімнің қабылдауында көтерілген әрбір мәселе бойынша жауапты бөлім басшыларына нақты тапсырмалар берілді.

Естеріңізге сала кетейік, қала әкімі тұрғындарды әр аптаның сәрсенбісі күні 09.00.-ден 12.00.ге дейін қабылдайды. Қабылдауға 87172607888 байланыс телефоны арқылы жазылуға болады.

ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

Мүгедектігі бар мемлекеттік қызметшілердің құқықтары қорғалды

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті мүгедектігі бар мемлекеттік қызметшілердің құқықтарының сақталуына талдау жүргізді.

Ақмола облысының мемлекеттік қызмет жүйесінде мүгедектігі бар 65 адам еңбек етеді. Оның ішінде 13 қызметшінің I және II тобындағы мүгедектігі бар: жергілікті атқарушы органдарда 6, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінде 6 және өкілді органдарда 1 қызметші бар екені анықталды. Үш адам басшылық лауазымдарды атқарады.

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 1 бабы 1-тармағының 106) тармақшасына сәйкес мүгедектігі бар адам-тіршілік әрекетінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттілігіне әкеп соғатын ауруларға, мерттігулерге (жараларға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, бұзушылықтарға байланысты дене функциялары тұрақты бұзылған денсаулығы бұзылған адам.

Мүгедектігі бар жұмысшылардың еңбегін пайдалану олардың медициналық көрсеткіштерімен шектеледі.

Еңбек кодексінің 143 бабына сәйкес Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің еңбегі осы Кодексте қызметке кірудің, оны өткерудің және тоқтатудың ерекше шарттары мен тәртібін, ерекше ең-

бек жағдайларын, еңбекке ақы төлеу шарттарын, сондай-ақ қосымша жеңілдіктерді, артықшылықтар мен шектеулерді белгілейтін Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген ерекшеліктермен реттеледі.

Еңбек кодексінің 69 бабының 3-бөлігіне сәйкес бірінші және екінші топтағы мүгедек қызметкерлерге жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді – ол аптасына 36 сағаттан аспайды.

Талдау барысында Департамент жұмыс берушінің көрсетілген тұлғаларға жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығын белгілеу мән жайларын анықтау мақсатында жұмыс уақытын есепке алу табелін сұратты.

Деректерді зерделеу қорытындысы бойынша мүгедек адамдардың құқықтарын бұзудың 6 фактісі анықталды, атап айтқанда жұмыс беруші мұндай қызметшілерге қатысты жұмыс уақытының қысқартылған режимін белгілемеген. Осыған байланысты Департамент талдау қорытындысы бойынша мемлекеттік органдардың басшыларына бұзушылықтарды жою туралы ақпараттық хат енгізді. Департаменттің хаты негізінде аталған адамдарға жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленді.

Думан Әбілев, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің басшысы

Өңір дамуы

ТҰРМЫСТЫҚ ТҮЙТКІЛДЕРДІҢ ТҮЙІНІ ТАРҚАТЫЛЫП ЖАТЫР

ҚОСШЫ ҚАЛАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ 2024 ЖЫЛЫ 18 ОТЫРЫС ӨТКІЗІП, 57 МӘСЕЛЕ ҚАРАДЫ

Оның ішінде, қоғамдық кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес 18 мемлекеттік орган басшыларының есептері тыңдалып, тиісті қарарлар қабылданды. Атап айтқанда, мекеме басшылары төмендегі мәселелер бойынша есеп берді: «Тұтынушыларды электрмен жабдықтау қызметтерін сапалы ұсынуды қамтамасыз ету туралы» бөлім басшысының есебін тыңдау; қала тұрғындарын таза ауыз сумен қамтамасыз етудің жағдайы туралы; қызмет этикасы нормаларын сақтауды қоса алғанда, қала әкімдігінің мемлекеттік қызметшілерінің тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарының сақталуы туралы; Қосшы қаласының бас жоспарының өзгеруіне қатысты қала аумағындағы құрылыстардың бас жоспарға сәйкес жүруін талқылау туралы; қала аумағын және кәсіпкерлікті дамыту бағдарламалары шеңберінде инвестициялық ахуалды іске асырудың орындалу барысы туралы; 2023 жылғы қалалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті талқылау; салықтық әкімшілендіруді жақсарту шаралары туралы және Қосшы қаласы бюджетінің кірістерін ұлғайту бағытында атқарылған жұмыс туралы; халық арасында бұқаралық спортты дамыту және мәдени шаралар туралы бөлім басшысының есебін тыңдау; мемлекеттік және квазимемлекеттік құрылымдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданған шаралардың тиімділігі туралы; Тайтөбе ауылында ауылшаруашылығын дамыту туралы бөлім басшысының есебін тыңдау; Қосшы қаласы және Тайтөбе ауылы жолдарының жай-күйі, жөнделуі, құрылысы және күтімі туралы; төтенше жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында халықтың өмір сүру сапасын жақсарту туралы; Қосшы қаласы және Тайтөбе ауылы жолдарының жай-күйі, жөнделуі, құрылысы және күтімі туралы; Қосшы қаласының 2024-2025 жылғы жылу беру маусымына дайындығы туралы; Қосшы қаласындағы білімнің сапасы және 2024-2025 жылдардағы жаңа оқу жылына дайындық барысы туралы; «Қоғамдық тәртіпті сақтау, қалада қоғамдық тәртіпке бақылауды жүзеге асыру» және «Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының және заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету туралы» жергілікті полиция басшысының есебін тыңдау; Қосшы қаласы әкімінің өзіне жүктелген функциялардың орындалуы және қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есебі. Халықтың аз қамтылған топтарына әлеуметтік көмек көрсету мәселелері және өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты отбасылардың мұқтажы анықтау, оларға берілетін көмектер туралы бөлім басшысының есебі, Қала тұрғындарына медициналық қызмет көрсетудің сапасы және азаматтардың өмір сүру ұзақтығының негізі ретінде медициналық қызметтерді тұтыну көлемінің өсу деңгейі туралы тыңдалды.

Есепті мерзімде төмендегі 10 мәселе бойынша Қоғамдық тыңдау және мониторинг жүргізілді: Қосшы қаласын қардан тазартудың барысы туралы, Қосшы қаласында тазалық жұмыстарын ұйымдастыру және қатты қалдықтарды шығару барысы туралы, Қосшы қаласын, Тайтөбе ауылын шыбын-шіркейге, масаға

қарсы дезинфекция жүргізуге қатысты атқарылған жұмыстар туралы, Қосшы қаласын газдандыру туралы, «Қосшы су» МКК жұмысшыларының өтініштері бойынша кәсіпорынмен арадағы келіспеушіліктер туралы, Қосшы қаласындағы әлеуметтік нысандардың жылу беру маусымына дайындығы туралы, Қосшы қаласының инфрақұрылымын дамытуға арналған «Жол картасының» жобасымен танысу, Тайтөбе ауылындағы мектепке оқушыларды тасымалдау туралы, Қосшы қаласын қардан тазартудың барысы, алдағы атқарылатын жұмыстар туралы, Қосшы қаласында қаңғыбас иттерді аулау мәселесі, Қосшы қаласын қардан



тазартуды ұйымдастыру туралы.

Аталған мерзімде жергілікті атқарушы және өкілетті органдарының 19 нормативтік - құқықтық актілерінің жобасы қаралып, талқыланды. Атап айтқанда: «Ақмола облысы Қосшы қаласының бас жоспары жобасын (негізгі ережелерді қоса алғанда) бекіту туралы» Қосшы қаласы мәслихатының шешімінің жобасын қарау туралы, «Ақмола облысы Қосшы қаласы мен Тайтөбе ауылында салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы» Қосшы қаласы әкімдігінің қаулысының жобасын қарау туралы, Қосшы қалалық мәслихатының «Тайтөбе ауылына жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдық округ әкімі аппаратының мемлекеттік қызметшілеріне көтерме жардемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салу үшін бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын 2024 жылы ұсыну туралы» шешімінің жобасын қарау туралы, Қосшы қалалық мәслихатының «Қосшы қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» шешімінің жобасын қарау туралы, Қосшы қалалық мәслихатының «Қосшы қаласында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» шешімінің жобасын қарау туралы, «Қалалық мәслихаттың 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №78/17-8 «2024-2026 жылдарға арналған Қосшы қаласының бюджеті туралы» шешімінің өзгерістер енгізу туралы» Қосшы қаласы мәслихаты шешімінң жобасын қарау туралы, «Қосшы қаласында шетелдіктер үшін 2024 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы» Қосшы қаласының мәслихаты шешімінің

жобасын қарау туралы, «Қосшы қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Қосшы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №85/19-8 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қосшы қаласы мәслихатының шешімінің жобасын қарау туралы, «Қосшы қаласында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы» Қосшы қаласы мәслихаты шешімінің жобасын қарау туралы, Қалалық мәслихаттың 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №78/17-8 «2024-

2026 жылдарға арналған Қосшы қаласының бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Қосшы қаласының мәслихаты шешімінің жобасын қарау туралы, «Қосшы қаласында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы» Қосшы қаласы мәслихаты шешімінің жобасын қарау туралы, «Қосшы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 85/19-8 «Қосшы қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын белгілеу туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қосшы қаласы мәслихаты шешімінің жобасын қарау туралы, «Қалалық мәслихаттың 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №78/17-8 «2024-2026 жылдарға арналған Қосшы қаласының бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Қосшы қаласы мәслихатының шешімінің жобасын қарау туралы, «2025-2027 жылдарға арналған Қосшы қаласының бюджеті туралы» Қосшы қаласы мәслихатының шешімінің

Қоғамдық кеңеспен «2024 жылдың тоқсан сайынғы көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша», «Тұрғындардың өтініштеріне сәйкес қала көшелерін грейдерлеуге келісім беру туралы» мониторинг жүргізді.

Қоғамдық кеңестің (бірінші сайланымдағы) төрайымы С.А.Матайбаева Ақмола облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Н.А.Ахильбековке Қосшы қаласын денсаулығын, баланың жүрек қағы-

сын бақылауға арналған Модульный фетальный монитор бөлінуін сұрап 2024 жылғы 12 тамыздағы №03-01-06/820 хат жолдаған болатын. Нәтижесінде облыстық бюджеттен 2 857 000 теңге қаржы бөлініп, арнайы құрал алуға мүмкіндік туды.

ҚР «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының талаптарына сәйкес үстіміздегі жылдың қыркүйек айында бірінші сайланған Қоғамдық кеңес құрамы өз өкілеттіктерін тоқтатты. 2024 жылдың қараша айынан бастап конкурс арқылы сайланған Қоғамдық кеңестің жаңа құрамы өз жұмысын бастап кетті.

Алғашқы отырыста Қосшы қалалық қоғамдық кеңесінің Ережесін

лауға қатысты көкейлерінде жүрген сұрақтар мен тұрғындардың өтініштерін атқарушы биліктің назарына жеткізіп, қанағаттандырарлық жауап алғаннан кейін «2025-2027 жылдарға арналған Қосшы қаласының бюджеті туралы» Қосшы қаласы мәслихатының шешімінің жобасына келісім берді. Әрине, бұл түпкілікті бюджет деп қарастырылмайды, қолданыстағы заң талаптарына сәйкес жыл көлемінде бюджетке өзгерістер енгізіліп тұрады. Ол-республикалық, облыстық бюджеттерді нақтылауға байланысты берілетін қосымша қаржыға және жергілікті бюджеттен үнемделген қаржыны мақсатты игеруге бағыттауға қатысты.

Сонымен бірге, қоғамдық кеңес мүшелері аптаның әр сәрсенбесінде қала әкімімен бірге тұрғындарды жеке мәселелер бойынша қабылдауға қатысып, тұрғындардың көтерген мәселелерін шешуге жеке ұсыныс-пікірлерін білдіріп отырады.

Қоғамдық кеңес мүшелері қаланың түйткілді мәселелеріне бей-жай қарамайды, әр азаматтың көкейінде жүрген мәселелерді тиісті мемлекеттік орган басшыларына жеткізіп, олардың шешу жолдарын талқылауға ат салысып келеді. Кеңес мүшелері өздерінің тұратын аймағына қарай қала көшелеріне және Тайтөбе ауылына жауапты болып бекітілді. Олар өздеріне бекітілген аймақтың тазалығына, қоқыстың уақытылы алынуына, электр жарығына, газға қосылуына, су, кәріз жүйелеріне қосылуына және оның жұмысына қоғамдық бақылау жүргізеді.

Қолданыстағы заң нормаларына және Қосшы қалалық мәслихатымен бекітілген «Қоғамдық кеңес туралы» Ережеге сәйкес жылына екі рет бұқаралық ақпарат құралдарында интернет желілерінде атқарған жұмысы туралы есептерін тұрақты түрде жариялауда.

Қоғамдық кеңестер туралы заңға сәйкес әр отырыс халық пен қоғамның мүддесін білдіруге бағытталғанын ескере кеткеніміз жөн. Қаламыздың чаттарында қоғамдық кеңес мүшелері тұрғындармен тікелей байланыс орнатып, өзекті мәселелерді талқылайды. Кеңес мүшелері отырыстарда түрлі сұрақтар бойынша келіспеушілік, пікір талас жүргізеді. Бұл жағдай қоғамдық кеестің жұмысының шынайы әрі ашық түрде жүретінінің белгісі деп білемін.

Ең бастысы – қоғам мен халықтың мүддесіне оң әсер беретін нәтижелі, дұрыс шешімдер қабылданып, қала әкімдігіне нақты ұсыныстар жолданады. Көпшіліктің арасында орынды сын да, алғыс та айтылып жатады. Барлығы орынды, әр адамның өз ойын білдіруге құқығы бар екенін әрдайым есте ұстаймыз.

Қоғамдық кеңестің міндеті мен мақсаты – азаматтық қоғамның қоғамдық маңызды мәселелер бойынша пікірін білдіру, ендіше азаматтардың пікірлері мен ұсыныстары маңызды. Бірлесіп жасаған жұмыс әр уақытта нәтижелі болатыны сөзсіз. Қалада бірқатар әлеуметтік нысандар салынып, үстіміздегі жылы пайдалануға берілмекші, яғни тұрғындардың талап-тілектерінің орындалуына өз септігін тигізетіні анық. Сондықтан, қала тұрғындарын қаланың тазалығын сақтауға, қаланың өсіп-өркендеуіне, гүлденуіне ат салысуға шақырамыз.

Р.Қалиев, Қосшы қалалық қоғамдық кеңесінің төрағасы

ЕҢБЕГІНЕ ҚАРАЙ – ҚҰРМЕТ, ЖАСЫНА ҚАРАЙ – ІЗЕТ

БАЛУАНДАР БОЗ КІЛЕМНІҢ ҮСТІНДЕ БЕЛДЕСТІ

ДЖИУ-ДЖИТСУ

2025 жылдың 3-5 қаңтары күндері Қосшы қаласындағы «ALAN» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде 3 күн бойы джиу-джитсудан Ақмола облысының ашық чемпионаты өтті. Жарысты өткізуге «Өнер» орталығының басшысы, мәслихат депутаты С.Дүкенбаев қолдау білдірді.

U14, U16, U18, U21 жасқа дейінгі жас спортшылар арасында өткен чемпионатқа Қосшы қаласы мен Тайтөбе ауылының спортшыларымен қатар Целиноград ауданының Қабанбай батыр, Қызылжар, Рақымжан Қошқарбаев, Мәншүк, Қажымұқан ауылдарынан және OSS Team, КТТ спорт клубтарынан 300 спортшы қатысты.

Жарыс көрігін қыздырған спортшылар арасында ел чемпиондары мен Азия, Әлем чемпионаттарын бағындырған талантты ұл-қыздар көп. Сайысты ҚР белгілі спортшылары мен спорт төрешілері бақылап, жасөспірімдердің өнеріне баға берді.

Айтулы спорттық іс-шараның жабылу салтанатында Қосшы қаласы мәслихатының төрағасы Ә.Қуатбеков, Ақмола облыстық джиу-джитсу федерациясының президенті

М.Жанғожин және т.б. құрметті қонақтар сөз сөйлеп, жарыс жеңімпаздары мен қатысушыларын құттықтады.

– Бүгін мәслихат депутаты Сәбит Мұратұлының себепкер болуымен қаламызда джиу-джитсу спортынан Ақмола облысының ашық чемпионаты өтті. Чемпионатқа жиыны 300 ге жуық жасөспірім келген. Олардың арасында ел чемпиондары мен Азия, Әлем чемпионаттарын бағындырған талантты ұл-қыздардың көп екені көңіл қуантады. Облыстық бәсекеде топ жарған джиу-джитсу шеберлері ел чемпионатында аймағымыздың намысын қорғайтын болады. Ел намысын қорғап жүрген таланттарымызға сәттілік тілеймін!– деді Әлихан Қуатбеков.

Облыстық бәсекеде топ жарған джиу-джитсу шеберлері ел чемпионатында аймағымыздың намысын



қорғайтын болады. Одан кейін ел чемпионы атанған спортшылар Азия, Әлем чемпионаттарына жол

дама алады.

Жарыс нәтижесі бойынша турнир жеңімпаздары республикалық чемпионатқа жолдама алды. Атап айтқанда:

Қосшы:**U14 ұлдар**

44кг

1. Болатбек Нұрасыл ф/н

48кг

2. Төлеубай Санжар ф

52кг

3. Ержанұлы Әлімжан

56кг

4. Боранбай Әбілмансұр У ф/н

5. Нұратаза Бекжан ф

U14 қыздар

40кг

6. Амангелді Дария ф/н

44кг

7. Асылхан Дильназ ф

U16 ұлдар

40кг

8. Аманжолұлы Жанқожа ф

44кг

9. Маратұлы Ұлан ф

52кг

10. Амангелді Диар ф

56кг

11. Орымбек Балғынбек н

69кг

12. Әдіқадыр Бейбарыс ф

U16 қыздар

13. Болат Надия 52кг ф

14. Шаймерден Назым 63кг ф

U18 ұлдар

52кг

15. Ильясов Санжар ф

69кг

15. Елебек Нұрали ф

+85кг

16. Ержігіт Әмір ф

